

Асылхан ДӘРІБАЕВ, Қазалы аудандық
“Жастар ресурстық орталығы” КММ директоры:

4 МАЗАСЫЗДЫҚ МАСЫЛДЫҚ ЕМЕС



Жаннан қымбат оларағ ар,
Мен жастарға сенемін.

АҚМЕШІТ

№ 05 (386)
4 ақпан, 2021 жыл

6+

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

жастары


Қызылорда облыстық жастар газеті

ШЫН ЖҮРЕКТЕН



Жангерей ЗИНЕЛОВ, Назарбаев зияткерлік мектебінің
оқушысы, жас өнертапқыш:

Бұл инкубатор бұрынғыдан өзгереді



Жұмыртқа десе, елдің есіне нарықтағы қымбат баға түседі. Құс тұмауының салдары, жылда қайталанатын баға есімі деп көңілді бірлесек те, құр сөздің көпке жұбату бомайтыны анық. Бірақ бұл мәселенің де шешімі тобылар күн алыс емес. Себебі жақында ғана Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Жангерей Зинелов бағасы қолжетімді инкубатор жобасын ұсынды.

Гүлдана ЖҰМАДИН

— Жоба экономикалық тұрғыдан тиімді, себебі қажетті материалдар қолжетімді және бағасы арзан. Жоғарыда айтып өткен пеноплекс материалының артықшылығы, ол тоқ көбіне қосылмаған жағдайда да 2 сағатқа дейін жылыды инкубатор ішінде сақтап қалады. Бұл құрылыстың ең жақсы жылуқорықшаушы материал болып есептеледі. Сонымен қатар оның салмағы айтарлықтай жеңіл, мектеп немесе үй жағдайында оңай тасып жүруге болады. Осы арқылы экономикалық шығынның алдын алып, өнімділікті арттыра аламыз. Ал өндірістері инкубатор бағасы шамамен 60 000 теңгеге бағаланады, себебі корпусы металдан жасалған. Сәйкесінше ол ауыр әрі алып жүруге қолайсыз.

Ал біздің инкубатордың бір кемшілігі, автоматты жұмыртқа айналыратын лотокқа 42 жұмыртқа ғана сыяды.

— Жақында ғана мектеп президенті болып сайланған екенсіз. Осы орайда мектептегі жаңа міндетіңіз жайлы ой беліссеніз...

— Біздің мектепте жыл сайын дәстүрлі түрде мектеп президенті сайланады және оған өр сыныптан үміткер өз сайлауалды бағдарламасын ұсынады. Сайлауда мұғалімдер мен

оқушылар дауыс беру құрығына ие. Қазір айында мен де өз бағдарламамды оқушыларға таныстырдым. Нәтижесінде ең жоғары дауыс жинап, мектеп президенті атандым.

Президент ретінде мен сайлауалды бағдарламалар көрсетілген жобаларды жүзеге асыруға талпыну үстіндемін. Әр ай сайын іс-шаралар тізімін жасап, өзің өз басқару кеңесіне орындау жоспарын тапсырамын. Жобалардың ережелерін құрылып, мұғалімдермен бірге сайыс пен білім байқауын өткіземін. Өзге НЗМ мектеп президенттерімен келіссөздер жүргізіп, ортақ идеяларды жүзеге асырамын. Оқушылардың оқу жөніндегі мәселелерін шешуге көмектесемін. Бір сөзбен айтқанда, мектеп әкімшілігі мен оқушылар арасындағы байланысты жақсарту үшін оқушылар бірлестігі атынан жұмыс атқарамын.

Жалпы езім мектептегі тыс іс-шаралармен де айналысатын, академиялық және ғылыми табыстарға қол жеткізуді қалаймын. Осы бағытта жиі ізденіп, білім алуга тырысып жүрмін. Нәтижесінде Назарбаев Зияткерлік мектептер желісінде дәстүрлі түрде өтетін пәндік олимпиадаларда Қазақстан тарихы пәнінен, пәнінен І орын иелендім, сонымен қатар «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен олимпиадада химия, биология, Қазақстан және дүниежүзі тарихы пәндерінен жүлделі орынды иелендім. «ДОСТҮК КЗ» жастар саясатын дамытуға бағытталған әлеуметтік жобалар байқауында әріптесім Әбілқайыр Ергалиев жобасын қорғап, бас жүлдені жеңіп алды. Сондай-ақ Гете институты мен неміс театры ұйымдастырған VI жасөспірімдер театрлары фестивалінде мектеп командасымен қатысып, «Үздік видео-концепт» номинациясына қол жеткізді.

— Сұхбатыңызға рақмет!



— Жангерей, Пекинде өтетін IESO – 2021 халықаралық олимпиадасына жолдама алғаныңыздан хабардармыз. Мектепте озат оқумен қатар, жан-жақты жобалармен де айналысуды екенсіз. Осы орайда өңгімеімізді инкубатор құрастыру идеясынан бастасыз...

— Мен отбасымымен бірге бірнеше жыл бойы тауық асыраумен айналысам, үй құстарының өмір сүру жағдайын зерттедім. Тауықтардың құрыққа жатып, балапандарды басып шығару үрдісі менің қызығушылығымды тудырды. Уақыт өте келе жұмыртқаның барлығынан балапан шыға бермейтінін, кейбір балапандардың толықтай жетіле алмайтынын аңғардым. Осы мәселені жетекшім, биология пәнінің мұғалімі Салтанат Сұлтанғазықызымен талдап, өңірдегі құс шаруашылығы туралы статистикалық мәліметтерді іздестіре бастадым. Нәтижесінде Қызылорда облысында жұмыртқа өндірісінің деңгейі төмен екенін білдік. Нақтырақ айтсақ, 2020 жылдың 10 айында жұмыртқа өндірісі ұлттық нормадан 18,2 есе, ал дүниежүзілік нормадан қалыңдығын жасайтын тектен физиологиялық нормасынан 31,1 есе төмен. Жұмыртқа өндірісі арттыру және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз мектеп жағдайында инкубатор жасау туралы идеяны ойластырып, жүзеге асырдық. Жетекшімімен бірге инкубатордың құрылысын жоспарлап, әртүрлі әділеттерден материалдардың қажеттілерін және бағалары туралы ақпарат жинақтадық. Ғаламтор желісі арқылы қажетті материалдарға тапсырыс беріп, бір ай кәлемінде инкубаторды құрастырып шықтық.

— Құрылыс жұмыс істеу механизмі қандай? Тәжірибеден кейінгі нәтиже өзіңіз күткендей болды ма?

— Инкубатордың құрылысы тоқталсам, корпусы пеноплекс материалынан жасалған. Сонымен қатар 40 ватт, 220 вольтты құрайтын 2 шам, компьютерлік құлтер (вентилятор), автоматты жұмыртқа айналыратын лоток, сандық таймер, терморегулятор және су құюға арналған ыдыс (лоток) орнатылған. Жұмыртқаның жұмыс істеу механизмі балапандардың шығуы үшін оптималды жағдайлар қалыптастыруға негізделген. Автоматты жұмыртқа айналыратын лоток жұмыртқалардың құрыс орналасуы үшін және ішіндегі азық-түлік заттардың бір бетке жабысып қалуына мақсатында екі сағат сайын айналып тұрады. Автоматты лотоктың астында су құюға арналған ыдыс қойылған, ол балапандарға судың терморегулятор және су құюға арналған ыдыс (лоток) орнатылған.

— Инкубатордың құрылысы тоқталсам, корпусы пеноплекс материалынан жасалған. Сонымен қатар 40 ватт, 220 вольтты құрайтын 2 шам, компьютерлік құлтер (вентилятор), автоматты жұмыртқа айналыратын лоток, сандық таймер, терморегулятор және су құюға арналған ыдыс (лоток) орнатылған.

Жұмыртқаның жұмыс істеу механизмі балапандардың шығуы үшін оптималды жағдайлар қалыптастыруға негізделген. Автоматты жұмыртқа айналыратын лоток жұмыртқалардың құрыс орналасуы үшін және ішіндегі азық-түлік заттардың бір бетке жабысып қалуына мақсатында екі сағат сайын айналып тұрады. Автоматты лотоктың астында су құюға арналған ыдыс қойылған, ол балапандарға судың терморегулятор және су құюға арналған ыдыс (лоток) орнатылған.

балапандардың дамуы үшін шамнан бөлінетін жылыды оптималды 38,8 С температурада сақтайды. Біз тәжірибені 2 жыл бойы жалғастырдық. Алдымен жақсы жетілген эмбрионы бар жұмыртқаларды осықол құрала арқылы анықтап, іріктеу жасадық. Сонымен қатар ғылыми тәжірибе жүргізу мақсатында қалыңды құрыс таралмаған жұмыртқаларды да алдық. Тауық балапандары 21 күнде шыға бастады. Инкубаторға салынған 19 жұмыртқадан 12 балапан жұмыртқаны жасып шықты.

— Балапанды жұмыртқадан жасанды жолмен шығару арналған аппарат бұрыннан қолданыста бар. Ал сіз ұсыған жобаның басты артықшылығы неде? Кемшілігі жайында не айтар едіңіз?



инкубатор



Өзексізден зерттеу



Жақсы жетілген жеміс

екеуіміз бірігіп жасаған «Қиает мектебі» жобасын қорғап, бас жүлдені жеңіп алды. Сондай-ақ Гете институты мен неміс театры ұйымдастырған VI жасөспірімдер театрлары фестивалінде мектеп командасымен қатысып, «Үздік видео-концепт» номинациясына қол жеткізді.

— Сұхбатыңызға рақмет!



Инкубатордағы жұмыртқадан шыққан балапандар

Міне, григориан күнтізбесі бойынша бір айды да артқа тастадық. Бала кезімізде ақ түтек ақпан деп ана тіліде суреттелген айдың алғашқы аптасын да тауысқалы тұрмыз. «Туған ай тураған етпен бірдей» дейтін біздің қазекім қандай айтыш еді өзі. Қазір, міне, қолыңызда 2021 жылдың бесінші санын паракатп отырсыз. Ең бастысы, биыл да бізді тандаған оқырманға мың алғыс!

Өрине, пандемияға дейін он мың оқырманың үстінде едік, қазір сөзің мыңның айналасында қалғанымыз аса қуанта қоймай-тынын жасырып қайтесіз?! Өйтсе де бұл күндер де артқа қалап, біз өз қалпымызға, өз оқырманымызға орапармыз деген үміт-төміз.

Бұрын ең қымбат екі балмұздақтың құны едік, қазір де қымбаттаған түгіміз жоқ, азын-ауып тышын қосылды дегенмен, үйіңіздің жанындағы дүкеннің нарықмен есептегенде сол баяғы екі балмұздақ сатып алатындай теңгенің шамасындамыз. Қолыңыздағы газеттің алты айға жазылу бағасын айттып жатқанын ғой. Бар-жоғы – 2000 теңге. Біздің қасымызда ай сайынғы телефон тарифтерінің құны (1600 теңгеден басталғанын күні кеше еді) – 3900-5900 теңгенің көлемінде шарықтап тұр. Күнне бірдімбір бір тышын қосса да, оған ренжініп деп тұрған адам жоқ. Телефонмен сөйлесем, әлеуметтік желілерде отырамын, балаларымың сабағын қадағалаймын, т.б. деп уәж айтатыныңызды білем ғой, дегенмен менің маман сияқты интернетті аса көп пайдаланбайтын адамдар да бар. Бірақ олар да тарифін тауысып не тауысқанына қарамастан, айына бір-ең рет жан-жақты балаларымен сөйлесу үшін-ақ сол ақшаны ай сайын тұрақты түрде есепсіз салып отыр.

Бір үйде кем дегенде бес адам тұрса, бас-басына бір-бір телефонның ай сайынғы тарифін есептесек, шашымыз ағарар. Әрқайсысы әр бөлменің өр бұрышында шоғыл, жұмыстан да, сабақтан да тыс телефонға тегіліріп, көзін сұлатқаннан басқа пайдасын көріп тұрғанымыз шамалы ғой. Өйтсе де, ақша қайда кетіп жазылды. Бір-ақ рет жазылып, алты ай бойы апта сайын үйіңізге өз аяғымен кел тұратын газеттің бағасын қымбатсынатынымыз қиындау.

Кейде жұмыс істейтін жерге емес, газет үйіме кел тұрсын дейтін жазылушылар бар. Мұның өзіндік қиындықтары бар, әсіресе көп қабатты үйде газетке өзі жазылмағанымен, өзгенің жазылған газетін оқпа көріп, он-оңай үйіне қолтықтап кететін адамдар көп екен. Өзім де көп қабатты пәтерде тұрдым ғой, газеттімің бір нөмірі де қолыма тимеді, ал пошташы әкеуіміңнің көмі жоқ дейді. Демек ұрлап кететін болған. Сондықтан жұмыс істейтін жеріңізге газет барса да жақсы ғой, онда да газеттің бұрышына сіздің аты-жөніңіз жазылды, сол бойынша газетті қабалдап алатын адамға ескертіп қойсаңыз, жұмысқа келген бойда немесе қайтар уақытыңызда қолыңызға ұстатып жібереді. Кейде осындай он-оңай нәрсені қиындатамыз не болмаса газетті іздемейтін ұмытшақтығымызға ренжімейміз, алты айдан кейін алғанда барған журналға біз газетіңді де көрген жоқпын деп дұресе қоя береміз. Сіз іздегеніңіз – біз де көмекке әзірміз. Газет оқы не оқыма, бізге әрбірініз қымбатсыз. Сіздің газетке жазылғаныңыз біз құрметпен қараймыз. Қазір газет-журнал ғана емес, әлеуметтік желілерде де оқырман үшін, өз тілімен айтқанда, жазылушы үшін жатпаласқан уақыт қой. Ақуантың жазылушысы неғұрлым көп болған сайын ақша түсіретін каналдар кеңейеді. Желіде желіліп, тәнін де, жанын да жалаңаштауды әр көрмейтін содан бұл жұрттың. Сіз оны тегін «тамашалап» отырмай дег ойлайтын шығарсыз. Бірақ ай сайын телефонға төлеп отырған тарифіңізді ұмытып кеткеніңіз (!).

Қат-қабат мамандықтың ішінде тілшілер қауымына деген құрметпен 2000 теңге деген не тәйірі деп, газетке жазылуы өзінің азаматтық парызы санайтын адамдар да бар. Шүкір. Бірақ бұл бұрынғы жасының ұлғайып бара жатқаны көңілсіздік. Осы санатты жасартқымыз келеді. Өзіңіз ойлансаңыз, ай сайын тарифке ақша салғаныңыз қаперде жоқ, «тегің» оқып отырғандай көретін телефонның арғы жағындағы жаналықтармен газетті салыстырудың өзі ақылға сыймайды. Сонда да саралап көрейікші, біз мұнда өзіңіз күнде айта беретін жұрттың балаларын жарқыратып көрсетіп жатамыз. Жастар газеті болған соң негізі аудиториямыз жастар ғой енді. Сол жастардың ішінен өз баланыңызды неге көрмесіз? Оның жетістігін айттып, жаңалығымен белсінесіз. Бізге ауылдағы ағайынның ақшалай айтудан шаршамайтын адамдар керек. Сіз өзіңізді әлеуметтік желінің бір бөлшегі сияқты сезінетін болсаңыз, газеттің де сондай қатысушысы, белсенді оқырманы болуға мүмкіндік бар. Құдайға шүкір, газеттің соңғы бетінде көрсетілген электронды пошта ең-өстте сіздің жазғаныңызды бізге жеткізеді. Әр нәрсенің өз тартымдылығы бар десең, газетке шығу бәрбір қызың біздіңше. Бала кезіміз уақытты үйге тұрақты келетін «балдырған». «Ақ желкен» журналдары мен «Ұлан», «Сыр бойы» газеттерін оқып, қиялыма қанат бітіп, журналист болдым. Өз құрбы-құрдастарымың ішінде мен сияқтылар өте көп. Бәлкім сіздің үйде де журналист өсіп келе жатқан шығар. Журналистика деген телефоннан хабар тарату емес қой, сондықтан бір ауық баланың да газет қараса жаман ба? Айта берсе әңгіме көп. Мұның бәрі бүгінгі газетті қалай оқытамыз деген ойдан туындап жатыр.

Кейде қайтарымысыз қаржы беру сияқты бағдарламаларды дер уағында естімей, қал деп, санын оқып қалатындар жеткілікті ақпараттандырылған жоқ, бізге айтқан жоқ, естіген жоқпыз деп ренжіді. Ол үшін сізге пайдалы ақпарат көзі – газет үйге кел тұр керек. Телефондағы жаңалықтар лентада бір рет көріледі де, ізим-ғайым жоғалады. Әрі-беріден соң кейде не оқып, не қолғаныңызды да білмейсіз. Өйткені ондағы дүниенің көбісі, әсіре қызыл тез оңар дегендей, тез ұмытылады. Газет қайта қарауға, қайта оқуға мүмкіндік береді. Мәселен, осы қарқынды әлеуметтік желілерде қайтарымысыз қаржы алу үшін конкурстар тіріліп жатып жүрт. Наурызда аяқталды бәрі. Біз бұл туралы «Бастау» жобасының берері көп» деп өткен санымызда («Ақмешіт жастары» №4 (385) 28 қаңтар, 2021 жыл) үшінші бетте жаздық. Ақпесуі, zhasyarkz деген сайтта да тұр бұл мәлімет. Googleдан «Ақмешіт жастары газетінің сайты» деп жазсаңыз, алдыңыздар жаққа өте қалады. Қазір сайтты жаңарттық. Көргенде көз қызығады. Егер газетке әлеуметтік себеппен бірінші жарты жылдыққа жазыла алмай қалсаңыз, сол сайттан газеттің электронды нұсқасын оқыңызға болады.

Қош, Жаңа жылда да бізді тандағаныңызға, біздің газетке жазылғаныңызға көп рақмет, қадірлі оқырман! Ақпарат оқырманға пайдалы болу керек немесе таңқалдыру керек деген ұстаныммен жұмыс істеуге барынша тырысамыз. Таң қалдыра алмай жатсақ, біздің жазғанымыз пайданызға жараса, осының өзі біз үшін үлкен қуаныш. Айтапқыш, биылғы жаңалығымыз сол, өр айдың соңында немесе ұлттық мереке күндері газет әдеттегідей 8 бет емес, 12 бет болып үйіңізге барады. Көшегі қаңтардың 28-і күні 12 бет болып шыққанымыз содан. Жыл бойына жоспарымыз дайын, оның ішінде сіздің көденіңізге жарайтын дүниелер бар деген сенімдіміз. Сіздің де ұсыныс-хаттарыңызды күтеміз. Жақсы көңіл-күйде болайық!

Құрметпен, Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

СЫР СҮЛЕЙІН СҰРАСАҢ

Баласы Ешнияздың Жүсіп ақын, Сыр бойы біледі Жүсіп атын. Қалам мен домбыраға бірдей еркін. Жел сөзден жері жоқ еді қысылатын.

Заманында Сыр сүлейі Қуаныш Баймағамбетов осылай деп жырына қосып, кейінгіге ұлт еткен Кете Жүсіп Ешниязұлының білімнің қазақ кеме-кем. Жеті атасынан жырғаулық дарыған Кете Жүсіп 1871 жылы киелі Дауылкөл табынында дүниеге келген. «Сыр шайырларының генералы» атанған Ешнияз сәл Жәлдіқұлының баласы жастайынан ауыл молдасынан дини сауат ашып, хат таныған. Бірі өкесінің жанында жүріп өлең-жырмен сусындап, ақындыққа бет бұрған екен.

Тарихшылардың сөзіне сүйенсек, киелі Сыр топырағында жырау атанып, ел ағысына бөленген үш Жүсіп болған. Бірі – Сырдария өңіріндегі Қаңлы Жүсіп, Ақжар өңірінде тұрғын Таубайдың Жүсібі және Кете Жүсіп Ешниязұлы.

Суырып салма ақындарымен ерте көзге түскен Кете Жүсіп шығыс ақындары Фердуси мен Сайхалиге, әкесі Ешнияз сағға, хакім Аблайға, сонымен қатар Балқы Базар, Шеғебай Бектасұлы, Қарасакал Ермібет сынды ат сүрінгеніс сөз табатын мықтыларға еліктеп, алдығы буынның мақамымен өлең-жыр жазған. Қоғамдағы түрлі оқиғаға бей-жай қарамайтын жырау шығармасының тақырыбы да сан алуан. Ақыл мен ақындықты тең ұстаған ол

бізде өмір жайлы сыр шертсе, енді бірде жастық шақты жырға қосады. Сол дәуірдің негізгі бейнесіне айналған кедей мен бай тартысы, әділдік пен араздық мәселесі, Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ халқының өмірі Кете Жүсіптің қуында жырлар жазуына себепші болған екен. Тіпті оның шығыс және қазақ халқының салт-дәстүрі мен өміріне арналған «Шахзада», «Зейіп қыз», «Мекер қатын», «Сурмерген», «Өткен заман», «Барымта», «Ленин өлді», «1 май» дастандары тек Сыр өңіріне ғана емес, қыр асып Ақтөбе, Орал, Жезқазған мен Шымкент өңірін мекендеген қалың қазақ жұртына жеткен. Зерттеушілер тарихи тұлғаның халық арасында тек жырау ғана емес, өңші ретінде де танылғанын айтады. Қазақ халқының мәдениетін зерттеуші ғалым Әубәкір Диваевтың 1925 жылы Орынбор қаласында баспадан жарыққа шығарған «Қазақтың 1000 әні» атты жыр жинағына енген ақынның алты әні сөзімізге дәлел.

Сөз өнеріне 14 жасынан бастап ден қойған Кете Жүсіп Сыр бойындағы барлық ақымымен айтқан екен. Мұның өзі жыр дүлдүлін сусындырған ақынның қабілетін аңғартады. Тарихта Кете Жүсіптің Қараөзек маңында өмір сүрген ақын Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлымен айтқысы ең көлемді әрі күрделі болғаны айтылады. Жазбаша айтас шамамен 1910 жылы басталып, 1915 жылы аяқталса керек. Сондай-ақ Сыр сүлейі өз заманында Даңмұран ақымымен, Шәкәй

және Ырысты қызбен, Құлназармен, Шораяқтың Омарымен, Тұрмағамбетпен, Тұрмбет жырғаумен, тама Кеңесбаймен сөз қағыстырып, шашасына шаң жұқтырмай, мықтылығын дәлелдеген.

Бірде ақын Қуаныш Баймағамбетов Кете Жүсіпке өлеңмен жазылған жұмбақ жібереді. Жырау екі ретте де ақынның астарлы жұмбағын жаңылмай тауып, дәл шешіп береді. Оның тапқырлығына риза болған Қуаныш ақын өзінің тағы бір өлеңін сынатқысы келіп былай дейді соңда.

Жігіттік – мысалы жаз құсы келгендей, Көрлік – қарлы қаңтар қыс келгендей. Дүние бәрі қызық таң-тамаша, Төсекте ұйықтап жатып түс көргендей...

Кете Жүсіп бұл өлеңді де бастан-аяқ талдап, уақытылы жауап қайтарған. Жоғарыда жауап Қуаныш ақынның көңілінен шығып, Кете Жүсіпке жағымдағы жыр жолдарын арнаған екен. Кейін ата жолын Кете Жүсіптің баласы Мұзаар, оның баласы Сабыт жалғастырып, саф өнер бүгінге жеткен. Сондай-ақ Ә.Диваев, Ү.Алпаев, Ө.Қоянбаев, Ө.Қайнарбаев, М.Байділдаев, Т.Дайрабай, А.Қыраубаева, Н.Молыбаев пен Д.Ертісбаев сынды зерттеушілер Сыр сүлейінің шығармаларын жарыққа шығаруда абыройлы еңбек етіп, ел арасында жырау жолын көңінен насихаттаған.

Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

EL ÜMITI

ТАБЫСҚА БАСТАЙТЫН ЖОБА

2019 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев шығармашылық жастарды қолдау үшін «El Ümiti» бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама бастамасының бірі – «Елбасы медалі» жобасы.

«Елбасы медалі» білімнің шыңдап, өзін-өзі дамытуға бағытталған 14 пен 29 жас аралығында ұйымдастырылатын ауқымды жоба. Бағдарлама уақыты мен талабы бойынша үш деңгейден тұрады: «Алтын деңгей», «Күміс деңгей» және «Қола деңгей». Жоба спорт және дене шынықтыру, дарындар мен дағдылар, кітап оқу, ұлттық мұра, волонтерлік, туристік сапарлар, еңбек тәжірибесі сынды 7 түрлі бағыты қамтиды.

Өткен 2020 жылдың жаз айында осы жоба туралы мүлкіміздеріміз айтты. Артықшылығы мен мүмкіндігін байқап көру үшін тіркеуден өттім. Уақыт өте келе ұйымдастырушылар хабарласып, кураторымыз тағайындап, жұмысты бастадық. Айтпақшы, бағдарлама 7 бағыттан тұрады, алайда карантиндік жағдайға сәйкес 5 бағыт бойынша жұмыс жасадық. Бұл жоба бізге не

береді? Жобаға қатысу арқылы әр жасөспірім ойлау қабілетін және өзінің шығармашылық қабілетін оята алады. Әр бағытты жеке-жеке қарастырсақ, Мысалы, «Волонтерлік» бағыты мұқтаждарға, қоршаған ортаға, жануарларға қызмет ету арқылы көмектесуге, «Ұлттық мұра» ұлттық спорт түрлерімен айналысуға, ұлттық сандік-қолданбалы өнер бойынша өзіндік дамытуға, «Спорт және дене шынықтыру» спорт түрлерімен айналысуға, «Дарындар мен дағдылар» өлеуметтік және практикалық дағдыларды дамытуға, ал «Кітап оқу» бағыты жас буындардың кітапқа, әдеби шығармаларға қызығушылығын оятуға бағытталған.

Әр аптадағы нәтижеге қол жеткізу үшін қатысушы еңбектенеді, алға қарай ұмыталады. Осы ұмтылыс арқылы жас буынның бойына жақсы қасиет қалыптасады. Жастардың кітап оқуға ынтасы бесенің башыма білімді. Ал осы жоба менің көркем шығармаға деген қызығушылығымды арттырып, жоба аяқталса да кітап оқуды әлі жалғастырып

келемін. Бұл да жобаның пайдалы жағы деп ойлаймын.

Ел басты айта кететін жағдай, бағдарлама арқылы көптеген достар тапты. Қол дәлелінің алғашқы жеңімпаздары желтоқсан айында облыс ақимі марапатталды. Ақпан айында марапатталатын үздіктердің тізімі қаңтар спорт түрлерімен айналысуға, ұлттық сандік-қолданбалы өнер бойынша өзіндік дамытуға, «Спорт және дене шынықтыру» спорт түрлерімен айналысуға, «Дарындар мен дағдылар» өлеуметтік және практикалық дағдыларды дамытуға, ал «Кітап оқу» бағыты жас буындардың кітапқа, әдеби шығармаларға қызығушылығын оятуға бағытталған.

Өр аптадағы нәтижеге қол жеткізу үшін қатысушы еңбектенеді, алға қарай ұмыталады. Осы ұмтылыс арқылы жас буынның бойына жақсы қасиет қалыптасады. Жастардың кітап оқуға ынтасы бесенің башыма білімді. Ал осы жоба менің көркем шығармаға деген қызығушылығымды арттырып, жоба аяқталса да кітап оқуды әлі жалғастырып

Әлия ТӘЖІБАЙ,
№3 мектеп-лицейдің
11 сынып оқушысы

ТАРИХИ КІТАНҚА ШӨЛІ



Ө.Тәжібаев кітапханасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Елбасы Н.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабына шолу жасалды.

Кітапхана басшысы Мыңқас Нұрлыбек жас ұрпақтың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыруда кітаптың маңыздылығын атап көрсетті.

«Біргеміз білім» бағытының волонтерлары мен «Кітап құрты» кітап клубының мүшелері еліміздің аумағында ертеден бері орын алған тарихи оқиғаларға тоқталып, кітаптың «Ұлттық көлбеті ұлықтайық», «Анаш мұрасы және осы заман», «Ұлттық бірегейлігі» бөлімдеріне өз ойларын білдірді.

195 МЫҢ АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Өңірде өткен жылы облыстық прокуратура 64 тексеріс жүргізіп, 204 заңбұзушылықты анықтады. Нәтижесінде 195 мың адамның құқығы қорғалды. Ал 933 адам тәртіптік және әкімшілік жауапқа тартылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс прокурорының орынбасары Нұрлан Ермханов хабарлады.

Мемлекеттік бағдарлама арқылы жұмысқа жалған орналастырылған 495 дерегі анықталып, 40 адам тәртіптік және әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Нәтижесінде 101 адам жұмысқа тұрды. Өткен жылы сотта прокурордың қатысуымен 823 азаматтық, 5367 әкімшілік іс қаралды. Мұнан өзге, прокурордың өтініш хатына сәйкес 97 жеке қаулы қабылдана, жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігін шешу мақсатында 29 қадағалау актісі енгізіліп, 31 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, – деді Нұрлан Ермекбайұлы.



Мемлекеттік бағдарлама арқылы жұмысқа жалған орналастырылған 495 дерегі анықталып, 40 адам тәртіптік және әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Нәтижесінде 101 адам жұмысқа тұрды. Өткен жылы сотта прокурордың қатысуымен 823 азаматтық, 5367 әкімшілік іс қаралды. Мұнан өзге, прокурордың өтініш хатына сәйкес 97 жеке қаулы қабылдана, жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігін шешу мақсатында 29 қадағалау актісі енгізіліп, 31 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, – деді Нұрлан Ермекбайұлы.

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ



Ы.Жақиев атындағы күрші өсіру тарихы музейінде Президент Қ.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы аясында ауданның белсенді жастарының қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Шараға Шіелі аудандық Жастар ресурстық орталығының кеңесшілері Ы.Қапаров, А.Рысбаева, «Нартай» өнер мектебінің директоры М.Бекпейісов, №270 Ф.Мұхамеджанов атындағы орта мектебінің мұғалімдері Ж.Қауенов, Ғ.Тәжібаев және музей қызметкерлері қатысты. Шараның мақсаты – ата-бабамыздың тәуелсіздік жолында ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына, қызмет етуге тәрбиелеу. XXI ғасырдағы тәуелсіз Қазақстанның дамуының стратегиясы мен мемлекеттік бағдарламаларды қолдау, тәуелсіз мемлекеттің құндылығы – халық бірлігі екенін ұндыру.

«Жас геолог» корпоративті қоры мен Назарбаев Университеті бірлесіп өткізген IESO-2021 халықаралық олимпиадасының республикалық кезеңінде Сыр өңіріндегі Зияткерлік мектебіндегі төрт оқушысы 2 алтын, 1 күміс және 1 қола медалін иеленді.

Аталмыш білім додасының іріктеу кезеңіне 80-ге жуық жоғары сынып оқушылары қатысты. Еліміздің түпкі-түпкірімен жиналған дарындылар ағылшын тілінде геология, геофизика, метеорология, астрономия және мұхиттану пәндерінен бақысынасты. Қызылордалық зияткерлер жер ғылымдары бойынша жақсы білім көрсеткіштерімен ерекшеленіп, нәтижесінде 11 сынып оқушылары Жангерей Зинелов пен Данғанұл Келдібай олимпиада жеңімпазы атанды. Сондай-ақ, Арайлым Байкөпел және Баянсулу Төлебай жүлделі II және III орын иеленді.

– Үздіктердің қатарынан көріну үшін осы ғылымдар туралы жетік ізденіп, жеке зерттеу жүргіздім. Ғалымдар желісі мен энциклопедиялардан қосымша ақпарат алып, білімімді толықтырдым, – дейді Жангерей.

Айта кету керек, жеңіс тұғырынан көрінген жас зияткерлер үстемдікпей жылдың тамызы айында Қазақстан құрамасында өзге елдердің жас геологтарымен сынаға түспек. Быыл IESO-2021 олимпиадасы онлайн форматта Пекинде өткізу жоспарланған.

– Біздің оқушылар – бұл білім бәйгесінің жыл сайынғы қатысушылары. Осындай шаралар арқылы геологтардың жаңа буынын қалыптастыру қолға алынған және бұл олимпиада балалардың әлі-өріс кенеңітуге үлкен септігін тигізеді, – дейді жеңімпаз оқушылардың жетекшісі, география пәнінің мұғалімі Мұхтар Әбілмәев.





Бәйдібек Мұсаев

ECO-PLANT немесе АДАМ КӨМЕГІНСІЗ АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ

Жасыл-желкеке бөленген орманды аймақ экологиялық тұрғыдан пайдалы десек те, оған біршама шығынның жұмсалатыны рас. Адамның қол еңбегі мен ұзақ уақытты қажет ететін бұл бағытқа алдағы кезеңде өзгеріс енуі мүмкін. Себебі Назарбаев мектебінің оқушысы Бәйдібек Мұсаев ағаш өгудің тиімді жолын ұсынды. Орман алқабын көбейтуді көздеген оқу озатының Eco-plant жобасы бір ағашты адам көмегінен алты минутта отырғыза алады екен.

Бәйдібектің айтуынша, Eco-plant машинасы отында қажет етпейді, яғни өмбөбат құрылыс энергияны күн сәулесінен алады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің қаржысын үнемдейді өрі құрылыс жартылай шөлді немесе далалы аймақта ағаш отырғызу үшін пайдалануға болады.

– Құрылыс екі қанаттан тұрады, онда екі үлкен цилиндр орналасқан. Үлкен цилиндрде көшеттер мен ағаш отырғызуға арналған сұйықтықтар, бұрғылау қондырғысы және топырақ пен тыңайтқыш қоймасы орналастырылады.

Негізінен құрылыс Tesla Semi жүк көлігімен бірге жұмыс істейді, сондықтан пайдаланушыға көптеген мүмкіндік қарастырылған. Айталық, бұрғылау қондырғысы ағашты отырғызу алдында топырақты қосыпты дайындай алады, ал тыңайтқышы бар сұйықтық бағы бір уақытта топырақ құрамын жақсартуды жеңілдетеді. Топырақтағы оттегі концентрациясы, ылғалдылығы мен көмірқышқыл газын анықтайтын датчиктер тыңайтқыштар мен



Eco-plant makini

су мөлшерін дұрыс тандауға көмектеседі, бұл ағаштың жылдам өсуін қамтамасыз етеді. Ал биологиялық түрде оңай ыдырайтын қарамаз орамасының көмегімен пайдаланушы ағашты топырағымен қоса бір орыннан келесі жерге оңай көшіре алады. Сондай-ақ күн батареяларының көмегімен құрылыс электр жүк көлігінің энергиясын

үнемдейді. Автоматты машина топырақты қосыптып, ағашты түсіру үшін және шаңқырды топырақпен толтырып, құрылыс қайта жарықтауға небәрі алты минут жұмсайды, – дейді идея авторы. Жас өнертапқыштың сөзіне сүйенсек, Eco-plant жүк көлігі орманды қалпына келтіру машиналарын шығаратын Bracke

Forest құрылысына қарағанда ағашты дұрыс өрі тез отырғызады екен

– Ағаш отырғызу кезінде жүргізуші Tesla Semi-дің жүру бағытын алдын ала белгілей алады. Өйткені бұл машинаны Wi-Fi модулі арқылы қашықтан басқаруға болады. Ағашты жаңа техникамен отырғызғанда, диаметрі үлкен цилиндрлердің

арқасында құрылыс ағашты келесі орынға оңай көшіре алады.

Әзірге макет күйінде жетілдіріп жүрген Eco-plant жобасы қала айналасындағы микроклиматқа оң әсер етеді ойлаймын. Алдағы уақыттағы мақсаты – Батыс Еуропа – Батыс Қытай көлік дәлізі бойымен орман алқабын отырғызу, – дейді жас өнертапқыш.



Blender promotion

БҰҰ 2030:

XXI ғасырдың үшінші онжылдығы басталады. Алайда БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі тұрақты даму аясында күн тәртібінде көрсетілген экологиялық мәселелер әлі күнге шешімін таппай келеді. 2015 жылы қабылданған жаһандық іс-қимыл жоспары он жыл ішінде гүлденген өрі қоршаған ортаны құрметтейтін қоғамға жету үшін нақты шараларды ұсынған еді. Енді уақыттың жылдамдығын ескерген БҰҰ қоршаған ортаны қорғауда көшіп жатырмыз деп дабыл қағауда. Ал жауапты мамандар «Ғаламшарды аз уақытта құтқаруға бола ма?» деген маңызды сауалға жауап іздеуде.


ЭКОЛОГИЯЛЫҚ мәселелер

Жер жаһанда жыл сайын экологиялық жағдайдың нашарлап бара жатқанын жиі естіп жүріміз. Осы орайда БҰҰ-ның алдағы онжылдықта шешу керек деп мақсат қойған жаһандық экологиялық мәселелеріне тоқталсақ:



Климаттың өзгеру митигациясы
БҰҰ-ның мәліметі бойынша 1990 жылдан бастап CO2 шығарындылары есебінен жаһандық жылыну шамамен 50%-ға артқан. Сондай-ақ климаттың өзгеруіне құрғақшылық, өрт, су тасқыны сияқты метеорологиялық оқиғалар әсер еткен және бұл жағдай уақыт өткен сайын жиілеп барады. Бұл жаһандық жылынды 2 °C-тан асырмауға азайту және осы жағдайға және ормандарды сақтау үшін нақты шаралар қабылдауға шақырауда.


та ұстап тұрсақ та, оның салдарын азайту және осы жағдайға бейімделу шараларын қабылдау керек дегенді білдіреді дейді мамандар.




Ластанудың жоғары көрсеткіші
Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адамзаттың 90%-ы ластаған ауамен тыныс алатынын дәлелдеген. Сондықтан БҰҰ тыныс алу жолдарының ауруын азайту үшін ауаның ластану көрсеткішін азайтуға шақыруда. Осылайша жылына жеті миллион адамның өмірін құтқарамыз дейді мамандар. Oxfam Intermop мәліметтеріне сүйенсек, ластаған судың әсерінен бес миллион адам қайтыс болады. Осы орайда БҰҰ демпингті жоюды, химиялық заттарды қолдануды барынша азайтуды және ағын суларды көбірек тазартуды ұсынууда.



Мұхиттарды қорғау
Бүгінде мұхиттар ластамасқа заттардың алып үйінісіне айналды. Бұдан өзге ластаушы заттардың, ағынды сулар және жанармайдың төгілуі сынды мұхиттарға қатысты басқа да күрделі экологиялық мәселелер жетерлік. Сондықтан БҰҰ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқаруды жақсартуға, оларға жеткілікті ресурстар беріп, мұхиттың ластануын азайтуға үндеуде.



Энергияны жаңарту
Парниктік газдар бүкіл әлем бойынша 60% энергиямен қамтамасыз етсе, БҰҰ әлем халықның 13%-ы электр қуатына қол жеткізе алмайтын және 3 млрд адам тамақ дайындау үшін қазба отынына тәуелді деп есептейді. Айта кетейік, парниктік газдар – инфрақызыл диапазондағы радиацияны сіңіріп, қайта тарататын атмосферадағы кез-келген газ. Ол осылайша Жер беті мен атмосфераны жылыта түседі. Жер атмосферасындағы ең маңызды парниктік газдарға көміртек диоксиді, метан және су буы жатады. Бұл жағдай климаттың өзгеруі сияқты экологиялық мәселелерге тәзімді, инклюзивті қоғамдастық құру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға негізделген таза, қолжетімді және тиімді модельдегі қуатқа көшуші қажет етеді.



Азықтан тұрақты моделі
Тамақ өндірісі қарқынды дамыған сонымен топырақ құнары азайып, теңіз экожүйелеріне зиян келуде. Сонымен қатар табиғи ресурстарды шамадан тыс пайдалану азық-түлік қауіпсіздігі мен



ауыз судың қолжетімділігіне қауіп төндіріп отыр. Сол үшін БҰҰ энергияны үнемдеу және CO2 шығарындыларын азайту үшін тамақ өндірісінің моделін және тамақтану әдеттерін өзгерту қажет деп санайды.



Тірі ағзаларды қорғау
Қазіргі өзімде жер бетіндегі жануар түрлерінің 8%-ы жою-ылып біткен, ал 22%-ы осы қауіптің алдында тұр. Бұл жағдайға олардың табиғи мекендерінің бұзылуы, браконьерлік және инвазиялық аурулардың таралуы әсер етеді. БҰҰ осы қауіп-қатерлерді тоқтату және ормандарды сақтау үшін нақты шаралар қабылдауға шақырауда.



Тұрақты даму және мобильділік
2030 жылға қарай әлемдегі ірі қалаларда шамамен 5 миллиард адамды орналастыру қажет болады. Бұл алдағы онжылдықтағы тағы бір экологиялық мәселенің бірі болуы мүмкін деп болжануда. Осыған орай болашақтың метрополициялары ықшам, қауіпсіз, инклюзивті, экологиялық және энергияны үнемдейтін, көбірек жасыл құрылыстарға негізделген және жаңу жүргізушілердің қажеттілігін келік қозғалысынан жоғары қратын келік түрлерімен қамтамасыз етілу керек дейді БҰҰ мамандары.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЭКОНОМИКА МЕН ҚОҒАМҒА ҚАЛҒЫ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Климаттың өзгеруі қоршаған орта мен адамдарға ғана емес, әлемдік экономикаға үлкен қауіп төндіреді. Айталық құбылмалы жылу тоқыны адамдардың жұмыс қабілетін және өнімділікті едәуір төмендетеді. Жыл сайын қайталанатын дауылдар, циклондар мен тайфундар миллиондаған адамның өмірін қиып, бірнеше елді абсолюттік кедейлікке душар етеді. БҰҰ мәліметіне сүйенсек, жаз мезгілінде қайталанатын құрғақшылық егін түсімін азайтып, 2050 жылға қарай 10 миллиардқа жетеді деп күтілетін дүниежүзілік халықты тамақтандырудың күрделі міндеттерін одан өрі қиындатуы мүмкін. Ал дүниежүзілік банк «егер біз бұл мәселенің шешімін қарастырмасақ, климаттың өзгеруі 2030 жылға қарай 100 миллион адамды кедейлікке итермелеуі мүмкін» деп дабыл қағауда.

СТЕРН ЕСЕБІ ЖӘНЕ НОРДХАУЗ ҮЛГІСІ

Осы жерден сап артқа шегініп, тарихқа из жүгіртсек. 2006 жылы Ұлыбритания үкіметі бірінші болып Дүниежүзілік банктің бұрынғы бас экономисі Николас Стернеге климат туралы есеп құрастыруды тапсырған еді. Нәтижесінде 700 беттік құжат осы тақырыпқа арналып, Стерн «парниктік газдар шығарындысы – әлемдік нарықта бұрын-соңды болмаған ең үлкен қателік» екенін растады. Қысқаша айтқанда, Стерн есебінің негізгі қорытындысы – климат өзгеруінің, әсерін азайту үшін әлемдік ЖІӨ-нің 2% баламасын осы бағытта салу керек дегенді меңзейді. Ал американдық экономист Уильям Д.Нордхаус пен Пол Ромерге 2018 жылы экономика саласындағы Нобель сыйлығы климаттың өзгеруіне ұзақ мерзімді макроэкономикалық талдау жасағаны үшін берілген. Нордхаус – экономикалық даму мен климаттың өзгеруі арасындағы дүниежүзілік масштаптағы өзара әрекеттесуді жаңғыратын сандық модель жасаған алғашқы экономист. Нордхаусдың айтуы бойынша, климаттың өзгеруін тоқтату үшін қазба отынды қолдануға тосауып болатын

бағаларды қолдану керек. Өйткені қазіргі баға өте төмен және жаңартылатын энергия сияқты баламаларды іздеуге аса қатты ықпал етпейді.

Соңғы уақыттағы осындай ауқымды зерттеулер мен іс-шаралар санының көбеюі тұрақты дамуды, экономикалық өсуді қамтамасыз ететін дәлелдеген. Экономика және климат жөніндегі Дүниежүзілік комиссияның 2018 жылдың соңында жасаған бағдамасында көрсетілгендей, климатты шараларды қабылдау 2030 жылға қарай 26 миллиард доллар пайда әкелуі мүмкін және осыдан кейін көміртегі шығарындысы аз 65 миллион жаңа жұмыс орындары ашылуы ғажап емес.

Осы есеп бойынша, адамдар үшін анағұрлым тәзімді, пайдалы өсу моделін құру үшін бес негізгі экономикалық сектордағы құрылымдық қайта құруды жеделдету керек дейді мамандар.

Таза энергетикалық жүйелер
Энергия жүйесін декарбонизациялау орталықтандырылмаған электрлендіру технологияларымен бірге миллиардтаған адамның энергетикалық қызметке қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Ақылды қала құрылыстары
Ықшам өрі үйлесімді қалалар 2050 жылға дейін 17 миллиард АҚШ долларын үнемдеуге және жұмыс пен тұрғын үйге қол жетімділікті жақсарту арқылы экономикалық өсуді ынталандыруға мүмкіндік береді.



Жерді тұрақты пайдалану
Тұрақты егіншілік әдістеріне көшу орман шаруашылығын қатаң қорғаумен қатар жылына 2 миллиард долларға жуық экономикалық пайда әкелуі мүмкін.

Суды ақылды басқару
Су тапшылығы бар аудандарда жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) 2050 жылы 6%-ға дейін төмендеуі мүмкін. Бұл жағдайда технологиялық жетілдіру және мемлекеттік инфрақұрылымға инвестициялау, суды тиімді пайдалану арқылы мәселенің алдын-алуға болады.

Қорыта айтқанда, сан түрлі мәселені тиімді шешімін ұсынған Біріккен Ұлттар Ұйымы климатты өзгертуге және қоршаған ортаға келетін зиянды әсерді азайтуға өл де көш емес деген пікірде. Тек аталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсе болғаны...

Аударған Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

«Атақты Сырым батыр Малайсары бидің алдына барғанда доңқыты би жас батырдың қолына бір түйір шыбық беріп, «сыңдыр» дейді. Батыр оп-оңай сыңдыра салады. Содан соң бір уыс шыбық беріпті де «Енді көрші» деген екен. Сырым батыр сәл қиыңқырап сыңдырады. Сонда шешен «Бірілігі мықты елді жою ала алмайды. Бұл – соның мысалы еді» деген екен. Сол сияқты біздің мемлекетіміздің аяқ асуы тек біріккен ғана алынады. Мекеміміздің басты бағыты да – осы. Аталған саалада жүріп, талай қызықты көресің. Аңқылдаған ағеден елдің арасында небір тағдыр бар. Дастарқанындағы бір түйір нанды бөліп жеп, бақытты болып отырған шаңырақтарды көресің де, е, «біз шынында бақыттың не екенін пендешілікке салынып, ұғынбай көтеді екенбіз» деген ойда қаласың» деп бастады қармақшылық жас Ақтоқын Алтынбайқызы.

Бұған дейін жастар арасында түрлі жобалардың бөл ортасында жүретін жас маман бүгінде Қоғамдық келісім мекемесінің аудандағы өкілі. Жай ғана өкілі емес, сарапшы маман. Уақыт тауып, ақ-кем сұхбаттасқан едік...

Ақтоқын НҰРМАҒАМБЕТОВА,
«Қоғамдық келісім» КММ Қармақшы ауданы бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшы маман:

БІРІГУДЕН АСҚАН БАҚЫТ ЖОҚ

– Ақтоқын Алтынбайқызы, аудандағы ахуалға қандай баға берер едіңіз? Қармақшы өңірінде көпұлтты деген сөз ойға келсе, III Интернационал ауылы еске түседі.

Қоғамдық келісім өз міндетін қаншалықты атқарып жүр?

– «Ынтымақ қайда болса, ырыс сонда барамын депті». Қазақтың бірлігі болмай, тірілік болмайды сияқты. Төбемізде бір шаңырақ, соны мекеме еткен елміз. Ал шаңырағы мен табалдырығын қадірлейтін ел «табалдырықтан биік тау жоқ» деп бекер айтпаса керек-ті. Қазір сол табалдырықтан кіріп, елдің арасына сіңісіп кеткен өзге ұлт пен ұлыс өкілдері ұлттық салт-дәстүрімізге дейін біледі. Тарихымыз да тұтасып келеді, тіршілігіміз де бірге өтіп жатыр. Сондықтан ахуал дегеніңіз кісі сүйенерліктей.

III Интернационал ауылы деп отырсыз. Қармақшы ауданында 1000-нан аса этнос өкілдері тұрады. Олардың басым көпшілігі III Интернационал ауылдық округінде шоғырланған. Біз олардан ыңбектенуді үйренуіміз керек. Маңдайы күнге күйіп, қанаты жерге тілінген олар диқашанылықпен, мал шаруашылығымен, наубайхана ісімен айналысып отыр. Тыңбай тіршілік істеп, өз шеберлерін теріп жет отырған қарайым жандар. Аудан аумағында қызмет ете жүріп, бұдан бұрын да талай шараның басы-қасында болдық. Менің түйгенім, ел болып бірігуден артық бақыт жоқ екен. Әйтепегенде, ауымыздағында қағыламыз. Төртеу түгел болайық, сонда ғана төбедіңіз қолымыз жетеді. Бұл – III Интернационалдағы ұстаным.

– Өрбір жыл сайын атқарған ісімізге қарап, өзімізге есеп беріп жатамыз. Өткен жылы бұл салада қандай жұмыс атқарылды? Қысқаша тоқталсаңыз...

